

Мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау облысы әкімдігінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 406 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 желтоқсанда № 2665 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 238 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы әкімдігінің 21.06.2013 № 238 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабына сәйкес Атырау облысы әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (1-қосымша)

2) "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (2-қосымша);

3) "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (3-қосымша);

4) "Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (4-қосымша) бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ш.Ж. Мұқанға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Ізмұхамбетов

Облыс әкімдігінің

2012 жылғы 21

желтоқсандағы

№ 406 қаулысына 1-қосымша

"Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" регламентінде (бұдан әрі – регламент) келесі ұғымдар пайдаланылады:

арнаулы білім беру бағдарламалары - кемтар балаларды оқытуға арналған бағдарламалар;

кемтар бала (балалар) - белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және (немесе) психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар).

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" Мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметті ұйымдастырушылық-құқықтық, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан арнайы білім беру ұйымдары (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 16-бабымен реттеледі.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің аяқталу нысаны білім беру ұйымының бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы болып

т а б ы л а д ы .

7. Аталған қызмет жеке тұлғаларға - 7-18 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының ресми сайттарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz сайтында орналастырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері: құжаттарды қарау өтініш түскен сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

10. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен күнделікті сағат 8.00-ден 18.00-ке дейін жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызметті алушының осы регламенттің 14-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін толық тапсырмауы мемлекеттік қызмет көрсетуден бастартуға негіз болады.

12. Мемлекеттік қызметті алуға мемлекеттік қызмет алушыдан өтініштің келіп түскен сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін берген сәтке дейінгі мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

- 1) қызмет алушы білім беру ұйымына өтініш береді;
- 2) білім беру ұйымының кеңсесі түскен құжаттарды тіркейді және білім беру ұйымының басшылығына жолдайды, қызмет алушыға барлық құжаттарды алғаны туралы қолхат береді, онда: өтініштің қабылдау нөмірі мен күні; қабылдау комиссиясы мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты болады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығы түскен құжаттармен танысуды жүзеге асырады және білім беру ұйымының жауапты орындаушысына орындауға жібереді;
- 4) білім беру ұйымының жауапты орындаушысы түскен құжаттарды қарайды, басшылық қол қою үшін қызмет алушыға хабарлама жобасын дайындайды және оны білім беру ұйымының кеңсесіне жолдайды;
- 5) білім беру ұйымының кеңсесі мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қызмет алушыға береді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжат қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны, ол қандай да болмасын елді мекенде тұратын әлеуетті қызмет алушылар санына, сондай-ақ білім беру ұйымдарының апта күндері мен

тәуліктік жұмыс кестесіне байланысты сараланып анықталатын бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде іс-әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызмет алушы мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) психологиялық – медициналық–педагогикалық консультация (ПМПК) жолдамасы;

2) қабылдау туралы өтініш (еркін үлгіде);

3) туу туралы куәліктің көшірмесі;

4) білім алушының қорытынды аттестаттаудан өткенін куәландыратын және тиісті білім беру деңгейі бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандартты меңгергенін растайтын білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат (куәлік, аттестат)

5) 3x4 көлеміндегі 2 фотосурет;

6) медициналық анықтама;

7) екпелік төлқұжаты;

8) жылдың ортасында бір мектептен басқа мектепке ауысқан жағдайда, мектептің мөрімен расталған және қол қойылған бағалар ведомосты мен мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумының шешімі (мамандардың жалпы пікірі).

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін ақпаратты білім беру ұйымдарының стендтеріне орналастыру қажет.

16. Толтырылған өтініштер, сондай-ақ мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттар білім беру ұйымының жауапты тұлғасына (директор, мектеп директорының орынбасары) тапсырылады.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін алу тәсілі – мемлекеттік қызметті алушының жеке қатысуы болып табылады.

18. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) тартылады:

1) білім беру ұйымының кеңсесі;

2) білім беру ұйымының басшылығы;

3) білім беру ұйымының жауапты орындаушысы.

19. Әр әкімшілік әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) өзара әрекеті мен кезектілігінің мәтіндік-кестелік

сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

20. Функционалдық өзара әрекет сызбасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Білім беру ұйымының басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлғалар) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапкершілікте болады.

" Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау " мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 1-қосымша

Әкімшілік әрекеттердің (рәсімдердің) кезеңділігін сипаттау және өзара әрекет

1-кесте. ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің әрекеттері (барысы, жұмыстар ағыны)			
Әрекеттердің (барысы, жұмыстар ағыны) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Білім беру ұйымының кеңсесі	Білім беру ұйымының басшылығы	Жауапты орындаушы
Әрекеттердің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау	Білім беру ұйымының бұйрығын немесе дәлелді тартуды ресімдейді
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама қою, жауапты орындаушыға жіберу	Қол қою үшін құжатта басшылыққа беру
Орындалу мерзімдері	20 минут	20 минут	3 жұмыс күні ішінде
Келесі әрекет нөмірі	2	3	4
Әрекеттердің (барысы, жұмыстар ағыны) №	4	5	
ҚФБ атауы	Білім беру ұйымының басшылығы	Білім беру ұйымының кеңсесі	
Әрекеттердің (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Хат-хабармен танысу	Білім беру ұйымының бұйрығын не дәлелді бас тартуды журналда тіркеу	

Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Құжатқа қол қою	Қызмет алушыға білім беру ұйымы бұйрығын немесе дәлелді бас тарт беру
Орындалу мерзімдері	20 минут	20 минут
Келесі әрекет нөмірі	5	

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс


1-топ ҚФБ Білім беру ұйымының кеңсесі	2-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшылығы	3-топ ҚФБ Білім беру ұйымының жауап орындаушысы
№ 1 әрекет Өтініштер қабылдау, тіркеу, өтінішті білім беру ұйымының басшылығына жолдау	№ 2 әрекет Орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау, бұрыштама қою	№ 3 әрекет Өтінішті қарау, білім беру ұйымының бұйрығын ресімдеу, басшылық қол қою үшін беру
	№ 4 әрекет Білім беру ұйымының бұйрығына қол қою	
№ 5 әрекет Білім беру ұйымының бұйрығын тіркеу және білім беру ұйымының бұйрығын қызмет алушыға беру		

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

1-топ ҚФБ Білім беру ұйымының кеңсесі	2-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшылығы	3-топ ҚФБ Білім беру ұйымының жауап орындаушысы
№ 1 әрекет Өтініштер қабылдау, қолхат беру, тіркеу, өтінішті білім беру ұйымының басшылығына жолдау	№ 2 әрекет Орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу, бұрыштама қою	№ 3 әрекет Өтінішті қарау. Дәлелді бас тарт дайындау, басшылыққа қол қоюға беру
	№ 4 әрекет Бас тартуға қол қою	
№ 5 әрекет Бас тартуды тіркеу, бас тартуды қызмет алушыға беру		

" Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-қосымша

Функционалдық өзара әрекет сызбасы



О б л ы с ә к і м д і г і н і ң

2012 ж ы л ғ ы 21

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 406 қаулысына 2-қосымша

О б л ы с ә к і м д і г і н і ң

2012 ж ы л ғ ы 21

ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№ 406 қаулысымен бекітілген

"Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" регламентінде (бұдан әрі – регламент) келесі ұғымдар п а й д а л а н ы л а д ы :

экстернат - білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ, тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі;
жалпы білім беретін мектеп - бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім

берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" Мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметті меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (толық атауы, заңды мекен-жайы құрылтай құжаттарында көрсетілген) негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын орта білім беру ұйымдары (бұдан әрі – білім беру ұйымы) және Атырау облысы Білім беру басқармасы, аудандық, қалалық білім бөлімдері көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Экстернат нысанындағы оқытуды ұйымдастыру Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 27-бабына, 6-бабының 3-тармағының 25-7) тармақшасына, 4-тармағының 21-3) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызметтің аяқталу нысаны экстернат нысанында оқуға рұқсат беру туралы анықтама немесе қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушы) көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің www.edu.gov.kz ресми сайтында орналастырылған.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері мемлекеттік қызмет алушы осы регламенттің 14-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он бес жұмыс күнін құрайды.

10. Мемлекеттік қызмет демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін көрсетіледі.

1 1 . М ы н а д а й :

1) мемлекеттік қызмет алушы осы регламенттің 14-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда;

2) денсаулық жағдайына байланысты жалпы білім беру ұйымдарында оқуға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға;

3) шетелде уақытша тұратын немесе тұрақты тұруға кеткен, немесе оқушылардың халықаралық алмасу желісінде шетелде білім алушыларға;

4) негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдарында уақытында оқуын аяқтамаған тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

12. Мемлекеттік қызметті алуға мемлекеттік қызмет алушыдан өтініштің келіп түскен сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін берген сәтке дейінгі мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) қызмет алушы білім беру ұйымына өтініш береді;

2) білім беру ұйымының кеңсесі түскен құжаттарды тіркейді және білім беру ұйымының басшылығына жолдайды, қызмет алушыға барлық құжаттарды алғаны туралы қолхат береді, онда алынған күні туралы белгі қойылған тізімдеме беріледі;

3) білім беру ұйымының басшылығы түскен құжаттармен танысуды жүзеге асырады және білім беру ұйымының жауапты орындаушысына орындауға жібереді;

4) білім беру ұйымының жауапты орындаушысы түскен құжаттарды қарайды, басшылық қол қою үшін қызмет алушыға хабарлама жобасын дайындайды және оны білім беру ұйымының кеңсесіне жолдайды;

5) білім беру ұйымының кеңсесі мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қызмет алушыға береді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжат қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны, ол қандай да болмасын елді мекенде тұратын әлеуетті қызмет алушылар санына, сондай-ақ білім беру ұйымдарының апта күндері мен тәуліктік жұмыс кестесіне байланысты сараланып анықталатын бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде іс-әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызмет алушы өтінішті еркін үлгіде ағымдағы жылғы 1 желтоқсаннан кешіктірмей білім беру ұйымы басшысының атына береді.

1) білім алушылардың денсаулығы туралы медициналық-әлеуметтік сараптаманың (бұдан әрі - МӘС) анықтама-қорытындысын;

2) білім алушылардың ата-аналары немесе оларды алмастыратын тұлғалардың шетелде уақытша тұратындығы туралы анықтаманы, оқушылар алмасу желісі бойынша шетелде білім алғандығын растайтын құжатты;

3) білім алушылардың соңғы оқыған сыныбында берілген үлгерім табелінің көшірмесін (нотариалды расталған) ұсынады.

15. Экстернді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы шешім білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде қабылданады.

Тұлғаларды экстернат нысанындағы аттестаттауға жіберу туралы бұйрықты білім беру ұйымы шығарады.

16. Мемлекеттік қызмет алушылардың құжаттары білім беру ұйымының кеңсесіне тапсырылады.

17. Көрсетілген қызмет нәтижесін жеткізу мемлекеттік қызмет алушының жеке қатысуымен болады.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) тартылады:

1) білім беру ұйымының кеңсесі;

2) білім беру ұйымының басшылығы;

3) білім беру ұйымының жауапты орындаушысы.

19. Әр әкімшілік әрекетті (рәсімді) орындау мерзімін көрсетумен әр ҚФБ әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) өзара әрекеті мен кезектілігінің мәтіндік-кестелік сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

20. Функционалдық өзара әрекет сызбасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Білім беру ұйымының басшысы (бұдан әрі – лауазымды тұлғалар) мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген мерзімдерде мемлекеттік қызмет көрсетуді іске асыруға жауапкершілікте болады.

"Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында

оқытуға рұқсат беру" мемлекеттік
 қызмет көрсету регламентіне
 1-қосымша

Әкімшілік әрекеттердің (рәсімдердің) кезеңділігін сипаттау және өзара әрекет 1-кесте. ҚФБ әрекеттерінің сипаттамасы

Негізгі үдерістің әрекеті (барысы, жұмыстар ағыны)			
Әрекет (барысы, жұмыстар ағыны) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Білім беру ұйымының кеңсесі	Білім беру ұйымының басшылығы	Жауапты орындаушы
Әрекет (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Хат-хабармен танысу, орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау	Экстернат нысанында оқуға рұқсат немесе дәлелді бас тартуды ресімде
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Бұрыштама қою үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама қою, жауапты орындаушыға жіберу	Қол қою үшін құжаттарды басшылыққа беру
Орындалу мерзімдері	20 минут	20 минут	15 жұмыс күні
Келесі әрекет нөмірі	2	3	4
Әрекет (барысы, жұмыстар ағыны) №	4		5
ҚФБ атауы	Білім беру ұйымының басшылығы		Білім беру ұйымының кеңсесі
Әрекет (үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Хат-хабармен танысу		Экстернат нысанында оқуға рұқсатты немесе дәлелді бас тартуды журналда тіркеу
Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басшылық ету шешімі)	Құжатқа қол қою		Қызмет алушыға экстернат нысанында оқуға рұқсатты немесе дәлелді бас тартуды беру
Орындалу мерзімдері	20 минут		20 минут
Келесі әрекет нөмірі	5		

2-кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

1-топ ҚФБ Білім беру ұйымының кеңсесі	2-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшылығы	3-топ ҚФБ Білім беру ұйымының жауап орындаушысы
№ 1 әрекет Өтініштер қабылдау, тіркеу, өтінішті білім беру ұйымының басшылығына жолдау	№ 2 әрекет Орындау үшін жауапты орындаушыны анықтау, бұрыштама қою	№ 3 әрекет Өтінішті қарау, экстернат нысанында оқуға рұқсатты ресімде басшылыққа қол қою үшін беру
	№ 4 әрекет Экстернат нысанында оқуға рұқсатқа қол қою	
№ 5 әрекет Экстернат нысанында оқуға рұқсат беруді тіркеу және		


қызмет алушыға экстернат
нысанында оқуға рұқсат беру

3-кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы үдеріс

1-топ ҚФБ Білім беру ұйымының кеңсесі	2-топ ҚФБ Білім беру ұйымының басшылығы	3-топ ҚФБ Білім беру ұйымының жауап орындаушысы
№ 1 әрекет Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, тіркеу, өтінішті білім беру ұйымының басшылығына жолдау	№ 2 әрекет Орындау үшін жауапты орындаушыны белгілеу, бұрыштама қою	№ 3 әрекет Өтінішті қарау. Дәлелді бас тарту дайындау, басшылыққа қол қоюға беру
	№ 4 әрекет Бас тартуға қол қою	
№5 әрекет Бас тартуды тіркеу, бас тартуды қызмет алушыға беру		

"Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне
2-қосымша

Функционалдық өзара әрекет сызбасы



О б л ы с	ә к і м д і г і н і ң		
2012	ж ы л ғ ы	21	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 406 қаулысына 3-қосымша			
О б л ы с	ә к і м д і г і н і ң		
2012	ж ы л ғ ы	21	ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 406 қаулысымен бекітілген			

"Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" регламентінде (бұдан әрі – регламент) келесі ұғымдар пайдаланылады:

қорғаншылық - он төрт жасқа толмаған балалардың және сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қ ұ қ ы қ т ы қ н ы с а н ы ;

қамқоршылық – он төрттен он сегіз жасқа дейінгі баланың (балалардың), сондай-ақ спирттік ішімдіктерге немесе есірткі заттарына салыну салдарынан сот әрекет қабілетін шектеген кәмелетке толған адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың қ ұ қ ы қ т ы қ н ы с а н ы ;

қорғаншы немесе қамқоршы - қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1119 "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" Мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметті осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес қалалық және аудандық білім бөлімдері (бұдан әрі – уәкілетті орган) көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26

желтоқсандағы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Кодексінің 124-125-баптарының негізінде жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балаларға қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама) беру не қызмет көрсетуден бас тартудың дәлелді жауабын ұсыну болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет регламенті туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің интернет-ресурсында (www.bala-kkk.kz, "Нормативтік құқықтық актілер" бөлімі);

2) уәкілетті органдардың орын-жайларында орналасқан стенділерде орналасады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 14-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік отыз күнді (құжаттарды қабылдаған күн және берген күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) құрайды;

2) өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күту уақытының барынша ұзақтығы 20 минуттан аспайды;

3) өтініш берген күні сол жерде мемлекеттік қызметті алушыға көрсетілетін қызмет көрсету уақытының барынша ұзақтығы 20 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет уәкілетті органға жүгінген кезде:

1) демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін көрсетіледі.

2) қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

11. Уәкілетті орган:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 14-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған;

2) қызмет көрсету үшін шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарда жалған немесе бұрмаланған мәліметтер анықталған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартылады.

12. Мемлекеттік қызметті алуға мемлекеттік қызмет алушыдан өтініштің келіп түскен сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін берген сәтке дейінгі мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) қызмет алушы уәкілетті органға өтініш береді;
2) уәкілетті органның кеңсесі түскен құжаттарды тіркейді және оларды уәкілетті органның басшылығына жолдайды, қызмет алушыға барлық құжаттарды алғаны туралы қолхат береді, онда мемлекеттік қызметті алатын күні көрсетіледі;

3) уәкілетті органның басшылығы түскен құжаттармен танысуды жүзеге асырады және уәкілетті органның жауапты орындаушысына орындауға жібереді;

4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы түскен құжаттарды қарайды, басшылық қол қою үшін қызмет алушыға хабарлама жобасын дайындайды және оны уәкілетті органның кеңсесіне жолдайды;

5) уәкілетті органның кеңсесі қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжат қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны, ол қандай да болмасын елді мекенде тұратын әлеуетті қызмет алушылар санына, сондай-ақ уәкілетті органның апта күндері мен тәуліктік жұмыс кестесіне байланысты сараланып анықталатын бір қызметкерді құрайды.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде іс-әрекет (өзара әрекет) тәртібінің сипаттамасы

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға мынадай құжаттарды тапсыруы қажет:

1) жеке тұлғаның аудандық, қалалық білім бөлімдері бастықтарының атына өзінің қорғаншы (қамқоршы) болуға ниеті туралы өтініші еркін нысанда ресімделеді;

2) егер қорғаншы (қамқоршы) болуға ниет білдірген адам некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) нотариалды расталған келісімі;

3) егер қорғаншы (қамқоршы), тәрбиеші болуға ниет білдірген адам некеде тұрған болса, мемлекеттік қызметті алушының және жұбайының (зайыбының) жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі;

4) осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес қорғаншы (қамқоршы) болуға ниет білдірген адамның және некеде тұрған жағдайда, жұбайының (зайыбының) денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды;

5) егер мемлекеттік қызметті алушы некеде тұрмаған болса, нотариалды расталған анықтамасы;

- 6) мемлекеттік қызметті алушының өмірбаяны еркін нысанда ресімделеді;
- 7) мемлекеттік қызметті алушыға жұмыс орнынан берілген мінездеме;
- 8) жұмыс орнынан анықтама;
- 9) жалақысы туралы анықтама;
- 10) тұрғылықты жерінен анықтама;
- 11) некеде тұратыны туралы куәлік (некеде тұрған болса);
- 12) мемлекеттік қызметті алушының және оның жұбайының (зайыбының) сотталмағаны туралы анықтама.

Аталған құжаттарды тапсырғаннан кейін баланы тәрбиелеуге үміткер адамның тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын тексеріп-қарау жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша акт дайындалады.

Бұдан басқа, заңнамаға сәйкес қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) берілетін әр бала үшін қорғаншылық (қамқоршылық) ресімдеуге ниет білдірген адам мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) мектеп әкімшілігі растаған баланың келісімі (егер бала 10 жастан асса);
- 2) баланың туу туралы куәлігі;
- 3) баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама және баланың даму тарихынан үзінді;
- 4) ата-анасы туралы құжаттар (қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі, сот үкімі немесе шешімі, ата-анасының ауруы немесе іздестірілуі туралы анықтама, бала некеде тұмаған жағдайда № 4 нысандағы анықтама);
- 5) баланың білім алу орнынан анықтама;
